

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP09260487 «Шығыс Қазақстанның ежелгі түрік мәдени кешені: бастаулары және трансформациясы» (0321PK00327)
Жоба өзектілігі	Ерте орта ғасырлар кезеңінде, б.з. I мыңжылдықтың ортасында соңғы ғұн конфедерациясының ыдырауынан бастап моңғол билігіне дейін, Орталық Азия аумағында көптеген этностар өмір сүрді, олар туралы ақпаратты жазбаша дереккөздерден табуға болады. Онда саяси сипаттағы ақпарат, соғыстар мен шайқастар туралы, дипломатиялық елшіліктер мен экономикалық және мәдени ерекшеліктер туралы деректер бар. Алайда, ерте ортағасырлық қоғамдардың мәдениеті мен өмірін қайта құруға қатысты мәліметтер өте аз, бұл жобаның аталған тақырыбының өзектілігін тудырды.
Жоба мақсаты	Бұл жобаның негізгі мақсаты - Шығыс Қазақстанның ежелгі түркі мәдени кешенін құру және дамыту тақырыбына байланысты ғылыми зерттеулер жүргізу, сондай-ақ ежелгі және ерте ортағасырлық ескерткіштер материалдары бойынша өмір салтын, діни сенімдерді, экономика мен қоғамдық құрылысты, этномәдени процестерді қайта жаңғырту.
Жоба міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - Шығыс Қазақстан мен іргелес аумақтарға қатысты қолда бар материалдарды жинап және талдай отырып, осы тақырып бойынша жаңа материалдарды тарту. - Іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу, түркі алды және көне түркі кезеңдеріндегі монументалды және діни-мемориалдық кешендерді егжей-тегжейлі белгілеу және картографиялау табылған археологиялық ескерткіштерді оқшаулайтын мамандандырылған карталар жасау, сондай-ақ кейбір монументалды кешендерді геомагниттік зерттеу. - Монументті құрылыстар мен іргелес алаңның құрылымдық ерекшеліктерін, сәулеті мен сәулет өнерін, сондай-ақ табиғи-ландшафтық кешен контекстіндегі микротопография құрылымын анықтау және егжей-тегжейлі талдау. - Мәдени байланыстардың негізгі бағыттарын және дүниетанымның ерекшеліктерін анықтау мақсатында зерттелетін өңірдің ежелгі көшпелілерінің өнер заттарын талдау. Шаруашылық қызметтің даму деңгейін анықтау мақсатында аймақтың ежелгі тұрғындарының археологиялық материалдарын, керамикасын және металл бұйымдарын техникалық-технологиялық талдауды жүзеге асыру. Ғылыми айналымға түркі алдындағы және көне түркі дәуіріндегі аймақтағы халықтың қару-жарағы мен әскери ісі, ат әбзелдері, діні туралы жаңа ақпаратты енгізу. - Түркі дәуіріне дейінгі және ежелгі түркі кезеңдеріндегі ежелгі тұрғындардың мәдени дәстүрлерінің сабақтастығының тарихи процесін негіздеу. Ежелгі түркі мәдени кешенін қосудың негізгі көздерін алдағы уақыттың заттай кешенін талдау негізінде анықтау. Мәдени-мемориалдық кешендердің жекелеген элементтерінің

	<p>құрылымдық өзара байланысын және мәдени-семантикалық кодын анықтау негізінде қарастырылып отырған өңірдің ежелгі көшпенділерінің кейбір діни-мифологиялық түсініктерін қайта құру. Қарастырылып отырған аумақтың ежелгі халқының әлемдік мәдениет пен тарихтың дамуындағы орны мен үлесін анықтау.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Жоба далалық жұмыстардан бастап ескерткіштерді практикалық қайта қалпына келтіруге дейінгі зерттеулердің толық циклін қарастырады. Өңір ескерткіштерін егжей-тегжейлі зерттеу түркі дәуіріне дейінгі және ерте түркі дәуіріне дейінгі мәдениеттер генезисінің тұтас көрінісін ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында монументалды кешендерді салу кезеңдерін, сондай-ақ діни және мемориалдық құрылыстардың құрылымдық ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерттеу мәселелері бірінші орынға қойылады. Ескерткіштерді кешенді зерттеу өңірдің бұрын зерттелген ескерткіштерін салыстырмалы талдау үшін кең мүмкіндіктер береді. Қайта құру жоспарында келешекте монументалды және діни-мемориалдық құрылыстардың сәулеттік келбетін қалпына келтіру көзделеді. Қарастырылған жұмыстар көне түркі мәдени кешенінің генезисімен байланысты маңызды мәселелерді шешу үшін жаңа материалдар алуға мүмкіндік береді.</p> <p>Жоба аясында жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижелері, конкурстық құжатнамаға сәйкес шет елдік рецензияланатын ғылыми журналдарда және отандық ҚР БҒМ БҒСБК тізіміне енген журналдарда жарияланады. "Шығыс Қазақстанның ежелгі түркі мәдени кешені: бастаулары және трансформациясы» атты монография жарық көреді. Табылған материалдар бойынша ҚР музейлерінде арнайы экспозициялар дайындалады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері "Scopus" базасына енгізілген шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда, ҚР ҒЖЖБМ ҒЖЖБСҚК тізіміне кіретін басылымдарда жарияланды. Ұжымдық монография дайындалды. Алдыңғы зерттеу материалдары жинақталып, осы зерттеулермен салыстырылды; Түркі дәуіріне дейінгі кезеңнен көне түркі дәуіріне өтпелі кезеңдегі мәдениеттер бойынша жаңа деректер алынды, Қазақ Алтайының көне түркі мәдени кешенінің қалыптасу ерекшеліктері мен жалпы даму үрдістері анықталды; Зерттелген уақыттағы тайпалардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына өндіруші шаруашылықтың әсері анықталды; халықтың дүниетанымдық негіздері қайта құрылды; Өнер және көркем мәдениет бойынша материалдар, Шығыс Қазақстан халқының материалдық мәдениеті мен шаруашылық қызметінің деңгейін сипаттайтын деректер, Қимақ-қыпшақ уақытындағы халықтың өндірістік қызметі туралы деректер алынды; Шаруашылықтағы қолөнердің ролі мен орны айқындалды; қазақ халқының мәдениетін ортағасырлық көшпенділердің көркемдік дәстүрлеріне қосудағы ролі</p>

	<p>қаралды; Жаңа ескерткіштерді оқшаулау картасы жасалды және жалпы және нақты белгілері бойынша аудандастыру жүргізілді; Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдени байланыстарының сипаты мен қарқындылығы айқындалды; Құрылыс тәсілдері мен кезеңдері, сәулет ерекшеліктері, монументалды ескерткіштердің жұмыс істеу кезеңдері анықталды; көне дәуір мен ерте орта ғасыр халқының кеңістіктік және діни-мифологиялық ұғымдары контекстінде діни-мемориалдық құрылыстардың сындарлы детальдары белгіленді</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1 <u>Самашев Зайнолла</u>, т.ғ.д., профессор, Хирша индексі – 6, Researcher ID: <u>HGC-5174-2022</u>, ORCID: <u>0000-0002-7171-3003</u>, Scopus author ID: <u>57110326000</u>.</p> <p>2. <u>Жұматаев Ринат Серікұлы</u>, PhD докторы, Хирша индексі – 3, Researcher ID: <u>T-1620-2017</u>, ORCID: <u>0000-0002-2291-4992</u>, Scopus author ID: <u>57222067364</u>.</p> <p>3. <u>Жүнісханов Айдын Сенғалиұлы</u>, Хирша индексі – 2, Researcher ID: <u>AAD-6246-2022</u>, ORCID: <u>0000-0002-6452-3551</u>, Scopus author ID: <u>57200107801</u>.</p> <p>4. <u>Айтқали Азат Қалыұлы</u>, PhD докторы, Хирша индексі – 1, ORCID: <u>0000-0002-2476-3999</u>, Scopus author ID: <u>57752520900</u>.</p> <p>5. <u>Сиражева Бұлбұл Аронқызы</u>, Хирша индексі – 1, Researcher ID: <u>C-2450-2018</u>, ORCID: <u>0000-0001-7013-415X</u>, Scopus author ID: <u>58089837300</u>.</p> <p>6. <u>Рахманқұлов Ерболат Жақсыбекұлы</u>, Хирша индексі – 1, Researcher ID: <u>HNN-2917-2022</u>, ORCID: <u>0000-0001-7298-035X</u>, Scopus author ID: <u>57208573180</u>.</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>Scopus мақалалары:</p> <p>1 Zhumatayev R., Librado, P., Khan, N., Fages, A. et al. The origins and spread of domestic horses from the Western Eurasian steppes. Nature 598, 634–640 (2021). https://doi.org/10.1038/s41586-021-04018-9 Highest percentile - 99% 1/134 Citations - 82</p> <p>2 Самашев З., Айтқали А., Толегенов Е. К вопросу о сакрализации образа кагана // The Volga River Region Archaeology 2022, Vol.2 (40), pp. 21-34. DOI: https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40.21.34 Highest percentile - 54% 167/368 Citations - 0</p> <p>ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын ғылыми басылымдарда – 3:</p> <p>1 Самашев З. Еще раз об объектах с каменными грядами // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2021. №3 (102). – С. 70-80.</p> <p>2 Самашев З., Айтқали А., Жұматаев Р. Образ фантастического зверя в искусстве и мифологии древних тюрков // Вестник КазНУ., серия историческая, 2022, Том 104, №2, С. 81-88. https://doi.org/10.26577/JH.2022.v105.i2.08.</p> <p>3 Самашев З., Жұматаев Р., Айтқали А. Түркі дәуірінің Алтай-Тарбағатайдағы жаңа археологиялық ескерткіштері //</p>

Том 111 № 4 (2023): ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы (баспада, редакцияның растау хаты қоса беріліп отыр).

Конференцияларға қатысу – 9:

1 Самашев З.С. Устный доклад на пленарном заседании международной научно-практической конференции «Маргулановские чтения-2021» на тему: «К вопросу о сакрализации образа кагана-императора у древних тюрков (по материалам каганско-княжеского культово-поминального комплекса Елеке Сазы на Тарбагатае)».

2 Айтқали А.К., Жунисханов А.С., Исин А.И., Рахманкулов Е. Ж. Курганы Қарасу-Үштөбе // «Оразбаевские чтения XIII». – Алматы, 2021. – С. 124-129.

3 Самашев З.С., Айтқали А.К., Курманғалиев А.К. Предварительные результаты исследования курганов древнетюркской эпохи долины Елеке сазы в 2021 году // Международная научно-практическая конференция Алтай – золотая колыбель тюркского мира. – Усть-Каменогорск, 2021. – С. 119-127.

4 Жунисханов А.С., Рахманкулов Е.Ж., Курманғалиев А.К. Предварительные итоги аварийных раскопок на территории г. Семей // «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / «30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»: XVIII Материалы международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – С. 491-494.

5 Сиражева Б. Қазақ Алтайы ортағасырлық көшпелілерінің мәдениетіндегі сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар // Маргулановские чтения–2022: материалы международной научно-практической конференции (г. Алматы, 12–13 апреля 2022 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2022. – С. 277-290.

6 Самашев З., Айтқали А., Жанғалиев У., Рахманкулов Е. Курганы Кимакского времени на могильнике Кансар в Казахском Алтае // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі: зерттеулер жинағы. / Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ, 2022. – С. 246-253.

7 Жуматаев Р. Ежелгі түркілердің жерлеу ғұрпындағы жылқының алатын орны: жазбаша мәліметтер мен археологиялық деректер негізінде //Международная научно-техническая конференция "Foundations and Trends in Research" - Копенгаген, 2023.

8 Айтқали А.Қ., Қаражігітова Ә.Е., Құрманғалиев А.Қ. Аққайнар 1 қорымын зерттеудің алғашқы нәтижелері (2022-2023 жылдардағы материалдар бойынша) // Степные племена в канун Великого переселения народов: материалы Международной научно-практической конференции (г. Актобе, 23–24 ноября 2023 г.). Алматы: Институт археологии имени А.Х. Маргулана, 2023.

	9 Sirazheva B. Items Of Horse Equipment Made Of Bone And Horn In The Cultures Of Medieval Nomads Of The Kazakh Altai // 10th International “Başkent” Congress On Humanities And Social Sciences. Online & In-Person Participant. October 28-30,2023 Ankara-Turkey.
Патент туралы ақпарат	-